

«8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Жакулаев Адил Муратовичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазақ әдебиеттану ғылымында жан-жақты қарастырылатын өзекті тақырыптар арнасы мол. Әдебиеттің тарихи даму жолдарын, әдеби талдаудың формалық дәстүрі мен көркем мәтіннің семантикалық сипаттарын айқындап, ғылыми тұрғыдан сарапқа салуда көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Сондай ізденістердің бірі ретінде қазіргі қазақ прозасының даму бағдары мен тарихи тақырыптағы шығармалардың дискурстық кеңістігін қарастыратын зерттеулерді айтуға болады.

Дискурс ұғымы қазіргі кезеңде көптеген ғылым саласында, әсіресе тіл білімінің жаңа бағыттарында, әдебиеттануда, саясаттану мен әлеуметтануда, мәдениеттану мен философияда, т.б. қолданыста жүр. Дискурс теориясындағы пікірлердің сан түрлілігі гуманитарлық ғылым салаларының бұл мәселені зерттеуге өздеріне тиесілі әдістемелерін қолдануымен, ғылыми зерттеулердің әрқайсы өзіндік тұжымдарын алға тартып отыруымен байланысты.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында тарихи дискурстың көркемдік ойлау жүйесіндегі орны және де қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс туралы зерттеулер жоқтың қасы деумізге болады. Сондықтан да тарихи шығармалардағы тарихи дискурсты зерделеумен қатар, қазіргі қазақ прозасындағы орнын бағамдау, жекелеген жанрлық түрлердегі көрінісін кешенді қарастыру күн тәртібінде тұр. Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс мәселесін әдеби-теориялық тұрғыдан жан-жақты талдау зерттеу жұмысының өзектілігін танытады.

Диссертациялық жұмыста прозадағы тарихи дискурстың эволюциясына арналған отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізге алынып, олардың пікірлеріндегі қайшылықтар мен ортақ көзқарастар сараланады. Дискурстың басқа ғылым салаларымен байланысы, қазіргі қазақ прозасындағы қолданысы зерделенеді.

Докторант А.М.Жакулаев ұлттық әдебиетіміздегі дискурс мәселелерін адамзаттың көркемдік даму жолындағы үдерісте қарастырып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашылдықтарды адамзатқа ортақ құндылықтар аясында ұлт әдебиетінің жетістіктері мен кемшіліктерін әдеби-теориялық негізде талдап көрсеткен. Сондай-ақ, дискурс ұғымының өрістеп дамуының өзін бірнеше бағытқа бөліп қарастырады. Дискурстың тіл біліміндегі, әдебиеттанудағы қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде танылуына айтарлықтай үлестерін қосқан зерттеушілер еңбектерінің жаңашылдығын ашып, оның қамтитын аумағының кең екендігін бағамдап береді.

Үш бөлімнен және оның тараушаларынан тұратын диссертация мазмұны қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың әдебиеттану ғылымындағы теориялық мәселелері мен қазақ әдебиетіндегі трансформациясын қарастыруда

ішкі тұтастықты сақтайды. Зерттеу тақырыбының теориялық мәселелерін қамтитын алғашқы тарауда дискурс, тарихи дискурс ұғымына қатысты ғылыми тұжырымдарды жүйелеп, типологиясы мен түрлеріне, көркем дискурс табиғатына тоқталады. Дискурстың негізгі заңдылықтары, нысаны айқындалады. Екінші тарауда қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурстың прозадағы дискурсивті кеңістігі, тарихи тұлға дискурсы, нарратив, аллюзия, реминисценцияның тарихи дискурстағы қызметін айқындайды. Ал тарихи дискурсты оқытудағы әдіс-тәсілдер мен оқырман қабылдауын эксперименттік зерттеулер жасау арқылы және тарихи дискурсты оқытудағы интербелсенді әдістерді үшінші тарауда талдап көрсеткен.

Докторант ғылыми жұмысты жазу барысында көптеген материалдармен танысты. Дискурсты түрлі аспектіде қарастырған шетелдік ғалымдар Т.А.ван Дейк, Н.Д.Арутюнова, М.Пеше, М.Фуко, М.Бахтин, И.Б.Руберт, В.А.Маслова, В.И.Тюпа, Р.Барт, О.В.Герасимов, Дж. Суэйлз, А.М.Лобин, О.Г.Плехова, О.А.Мещерякова, А.В.Лубский, т.б. еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар пайдаланылды. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар мен теориялық зерттеулер бойынша Р.Бердібаев, З.Серікқалиев, Р.Нұрғали, Ш.Елеуқенов, Ж.Дәдебаев, Т.Сыдықов, Қ.Алпысбаев, А.М.Тоқсамбаева, Б.А.Ахатова, Е.Әнес, А.С.Адилова, Э.Д.Сулейменова, Ж.У.Есинбаева, Ж.Ж.Жарылғапов, А.М.Жумагулова, т.б. ғалымдар еңбектерін әдістемелік негіз етіп алды.

А.М.Жакулаевтың қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың теориялық негіздеріне, типологиялық сипаттарына ғылыми талдаулар жүргізіп, олардың өзара байланыстарын және де қазақ жазушыларының шығармаларындағы тарихи дискурстың қолданысын теориялық-эстетикалық тұрғыдан саралап көрсетуі зерттеліп отырған мәселедегі жеке еңбегі деп бағалануға лайық. Бұл докторанттың позициясы соны ғылыми-әдіснамалық бағдарға сәйкес екенін көрсетеді. Көркем шығарманы оқытуда ұсынған тарихи дискурсты оқытудағы әдіс-тәсілдері теориялық зерттеулер нәтижелерін іс-жүзінде қолдануға болатындығын көреміз.

Докторанттың зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша ҚР ҒЖБССҚК тізбесіндегі басылымдар мен халықаралық конференцияларда мақалалары жарияланған.

Ғылыми өзекті мәселені шешуге бағытталған зерттеу жұмысының қойылатын талаптарға толық жауап беретінін ескере келіп, Жакулаев Адил Муратовичтің «8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға ұсынамыз.

Ғылыми кеңесші:
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филол. ғыл.кандидаты



РАСТАЙМЫН
Ғалым хатшы <i>А.Е.Тутинова</i>
Н.Е.Тутинова
2024 ж. «30» сәуір

С.У.Такиров